

Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды келісу, оларды орналастыру және пайдалануға беру ережесін, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізу шарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 ақпандағы N 130 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 179 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.04.2017 № 179 қаулысымен.
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 380 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 36-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріп отырған Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды келісу, оларды орналастыру және пайдалануға беру ережесі, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізу шарттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 3 ақпандағы
N 130 қаулысымен
бекітілген

Судың жай күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды келісу, оларды орналастыру және пайдалануға беру ережесі, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізу шарттары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды келісу, оларды орналастыру және пайдалануға беру тәртібін регламенттейді, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізу шарттарын белгілейді.

2. Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды, өзге де құрылыстарды жобалау, салу, пайдалануға беру, қайта жаңарту, консервациялау және жою кезінде мыналар:

суды ұтымды пайдалану;

қоршаған ортаның экологиялық тұрақтылығын сақтау;

заңды және жеке тұлғалардың белгіленген су қорғау және табиғат қорғау жөніндегі іс-шараларды, сондай-ақ шаруашылық-ауыз су мақсаттары үшін су жинаудың санитарлық қорғау аймақтарын ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды орындауы;

объектіні салу мен оның жұмыс істейтін аймағында жұмыс істейтін персонал мен тұратын халық үшін жүргізілетін жұмыстардың қауіпсіздігі;

жоспарланатын қызмет пен оның салдарлары туралы мүдделі жұртшылықты (халықты, үкіметтік емес ұйымдарды) хабардар ету әрі олардың пікірін ескеру қамтамасыз етілуі тиіс.

3. Уәкілетті мемлекеттік органдардың судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды салуға жер учаскелерін бөлуді (пайдалануға рұқсат) жергілікті атқарушы органдар су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі, жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.10.08 № 1045 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3-1. Жеке және заңды тұлғалар су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті органның өңірлік органдарына:

1) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстар салынатын орындарды айқындау жөніндегі ұсыныстарды;

2) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды және басқа да құрылыстарды салу мен реконструкциялаудың жобалау алдындағы құжаттамасын, жобаларын;

3) осы Ережеге 3, 4-қосымшаларға сәйкес су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс, түбін тереңдету, пайдалы қазбаларды, су

өсімдіктерін өндіру жөніндегі жарылыс жұмыстарын, кәбілдер, құбыржолдар және басқа да коммуникацияларды төсеу, ағаш кесу, сондай-ақ бұрғылау, ауыл шаруашылығы және басқа да жұмыстарды жүргізу туралы құжаттарды келісу үшін құжаттарды ұсынады.

Ескерту. Ереже 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.08 № 1045 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды орналастыруды келісу тәртібі

4. Жоспарланатын қызметтің бастамашысы жер учаскесін тандап алуы туралы акт алғаннан кейін судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен құрылыстарды жобалау жүзеге асырылады.

5. Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды, өзге де құрылыстарды орналастыру мен салуға жобалық құжаттама Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әзірленуі тиіс.

6. Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды, өзге де құрылыстарды салу жөніндегі жобалық құжаттама мынадай мемлекеттік органдармен келісілуі тиіс:

су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті органның өңірлік органдарымен;

жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті органмен - жер қойнауының, соның ішінде жер асты суларының жай-күйіне әсері саласында;

жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органмен;

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен;

ветеринария саласындағы уәкілетті органмен - малды, жануар тектес өнімдер мен шикізат дайындау (сою) әрі қайта өңдеумен байланысты кәсіпорындар мен құрылыстар жөнінде;

төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті органмен - ықтимал сел қаупі бар су объектілері жөнінде;

су көлігі жөніндегі уәкілетті органмен - кеме жүретін су объектілері жөнінде;

балық қорлары мен басқа да су жануарлары түрлерін қорғау, олардың өсімін молайту әрі пайдалану саласындағы уәкілетті органмен - балық шаруашылығын балық ресурстарын аулауды жүргізуге арналған кәсіпорындар мен құрылыстар жөнінде;

энергиямен жабдықтау саласындағы уәкілетті органмен - су объектілері арқылы коммуникациялар салу жобалары жөнінде.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Осы Ереженің 6-тармағында көзделген кәсіпорындар мен құрылыстарды орналастыру және салу жобаларын келісу рәсімін мемлекеттік органдар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге мерзім белгіленбесе, оларға жобалық құжаттама ұсынылғаннан кейінгі он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 754 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

8. Тиісті мемлекеттік органдармен келісу рәсімінен өткеннен кейін жобалық құжаттаманың келісілген редакциясы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жобалардың мемлекеттік сараптамасына және мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылуы тиіс.

9. Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен құрылыстарды салу жобалық құжаттамасын келісу әрі оны экологиялық сараптамадан өткізу рәсімін уәкілетті мемлекеттік органдар олардың құзыреті шегінде жүзеге асырады.

10. Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен құрылыстардың жобалық-сметалық құжаттамасы оларды салу жобалары мемлекеті сараптамадан өткізілгеннен кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітуге ұсынылады.

Мемлекеттік инвестициялар есебінен толық немесе ішінара қаржыландырылатын судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен құрылыстарды салу жобалық-сметалық құжаттамасын бекіту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды салу, қайта жаңарту жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті органның, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның, өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындылары, сондай-ақ жобалардың мемлекеттік сараптамасына және мемлекеттік экологиялық сараптамаға оң қорытындылар болған кезде тек қана бекітілген жобалық құжаттама бойынша жүзеге асырылады.

3. Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды пайдалануға беру

12. Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен құрылыстарды пайдалануға беру тиісті объектіні (объектілерді) пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау немесе қабылдау комиссияның актісі болған кезде ғана жүзеге асырылады.

13. Судың жай-күйіне әсер ететін объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік қабылдау және қабылдау комиссиялардың жұмысына тиісті жергілікті атқарушы органның, бассейндік су шаруашылығы басқармасының, жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық органдардың өкілдері міндетті түрде қатысады.

14. Пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік қабылдау және қабылдау комиссиясын құру мен оның жұмыс тәртібі, сондай-ақ бұл үшін қажетті құжаттар тізбесін және оларды ресімдеу рәсімі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

4. Су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізу шарттары

15. Су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізу шарттары жергілікті атқарушы органмен, бассейндік су шаруашылығы басқармасымен, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аумақтық органдармен және тиісті аумақтарда халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында қызметін жүзеге асыратын атқарушы органдармен, сондай-ақ су көлігі органдарымен - кеме жүретін су объектілерінде жоспарланатын жұмыстар бойынша келісілуі тиіс.

16. Су объектілеріндегі жұмыстар халықтың денсаулығына әрі қоршаған ортаға қауіп төндірмейтін техника мен технологиялар қолданылып, жүзеге асырылуы тиіс.

17. Су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі құрылыс, түбін тереңдету, жару және өзге де жұмыстар жергілікті атқарушы органдар белгілеген бұл аймақтар мен белдеулерді пайдалану режимі сақталып, жүзеге асырылады.

18. Су объектілеріндегі, су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі құрылыс және басқа да жұмыстар шарттарын келісу рәсімін тиісті мемлекеттік органдар өтініш беруші оларға қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 754 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

19. Су объектілеріндегі, су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі құрылыс жұмыстарын орындау кезінде құрылысқа, аумақтарды көркейту әрі қоршаған ортаны сауықтыруға бөлінген жерлерді қайта өңдеу жөнінде міндеті түрде шаралар қабылдануы тиіс.

20. Су объектілері арқылы коммуникациялар салу кезінде жұмыстар жүргізу шарттарында тасқын сулардың өткізілуін, су объектілерін пайдалану режимін, судың ластануын, қоқысталуы мен сарқылуын болдырмау, олардың зиянды әсерінің алдын алу жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуі көзделуі тиіс.

21. Теңіздегі мұнай операцияларымен байланысты жұмыстар белгіленген тәртіппен бекітілген теңіздің ластануын болдырмау жөніндегі арнайы бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылады.

22. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы су объектілеріндегі жұмыстар бұл аумақтарды қорғау мен пайдалану режимі және белгіленген арнайы экологиялық талаптар сақталып, жүзеге асырылады.

Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды келісу, оларды орналастыру және пайдалануға беру ережесіне, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізу шарттарына
1-қосымша

**Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар және басқа да құрылыстар салынатын орындарды айқындау жөніндегі ұсыныстарды келісуге арналған құжаттардың тізбесі
(жеке және заңды тұлғалар үшін)**

Ескерту. Ереже 1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.08 № 1045 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1. Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекцияның атына өтініш.

2. Жеке куәліктің көшірмесі (жеке тұлғалар үшін).

3. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмесі (заңды тұлға үшін).

Ескертпе:* - "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

5. Жер учаскесін таңдау және зерттеу актісінің (немесе жергілікті атқарушы орган шешімінің) көшірмесі.

6. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Жер учаскесінің топографиялық түсірілімінің көшірмесі немесе жерге байланыстырылған және су объектісі (бар болған жағдайда) белгіленген ахуалдық масштабтағы схема.

8. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Судың жай-күйіне әсер ететін
кәсіпорындар мен басқа да
құрылыстарды келісу, оларды
орналастыру
және пайдалануға беру ережесіне,
сондай-ақ
су объектілерінде, су қорғау аймақтары
мен белдеулерінде құрылыс және басқа
да жұмыстар жүргізу шарттарына
2-қосымша

**Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды және басқа да
құрылыстарды салу мен реконструкциялаудың жобалау алдындағы
құжаттамасын, жобаларын келісуге арналған құжаттардың
тізбесі**

Ескерту. Ереже 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.08 № 1045 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс

енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1. Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекцияның атына өтініш.

2. Түсіндірме жазбасы бар жоба (техника-экономикалық негіздеме, қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау бөлімі).

3. Лицензияланатын түрлердің тізбесі бар жобалау ұйымының мемлекеттік лицензиясының көшірмесі.

4. Жоба жасауға тапсырма және тапсырыс беруші мен жобалаушы арасындағы шарт.

5. Жер учаскесіне құқық белгілеуші құжаттардың (сатып алу-сату шартының, мұрагерлікке құқығы туралы куәлігінің, Жер учаскесіне жеке меншік құқығына актінің, жергілікті атқарушы орган шешімінің, қаулысының) көшірмесі.

6. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмесі (заңды тұлға үшін).

Ескертпе:* - "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

8. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Жер учаскесінің топографиялық түсірілімінің көшірмесі немесе жерге байланыстырылған және су объектісі (бар болған жағдайда) белгіленген ахуалдық масштабтағы схема.

10. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды келісу, оларды орналастыру және пайдалануға беру ережесіне, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары

**Су объектілерінде, су қорғау белдеулері мен аймақтарында құрылыс, түбін тереңдету, пайдалы қазбалар, су өсімдіктерін өндіру жөніндегі жарылыс жұмыстарын, кәбілдер, құбыржолдар және басқа да коммуникацияларды төсеу, ағаш кесу, сондай-ақ бұрғылау, ауыл шаруашылығы және басқа да жұмыстарды жүргізуді келісуге арналған құжаттардың тізбесі
(жеке тұлғалар үшін)**

Ескерту. Ереже 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.08 № 1045 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1. Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекцияның атына өтініш.

2. Жеке куәліктің көшірмесі.

3. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Жер учаскесіне құқық белгілеуші құжаттардың (сатып алу-сату шартының, мұрагерлікке құқығы туралы куәлігінің, Жер учаскесіне жеке меншік құқығына актінің, жергілікті атқарушы орган шешімінің, қаулысының) көшірмесі.

5. Келісуге ұсынылып отырған құрылыстардың, сондай-ақ жұмыстарды жүзеге асыруға пайдаланылатын машиналар мен механизмдердің техникалық паспорттарының көшірмелері.

6. Техникалық шарттардың не сумен жабдықтау және су бұру шартының көшірмесі; егер теңгерімінде меншікті су тарту құрылғысы бар болса, онда оларға материалдар, рұқсат беретін құжаттар.

7. Қалалық кәріз болмаған жағдайда - сарқынды суларды алып кету орны міндетті түрде көрсетілген осы ауданның мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының септикке қорытындысы, сондай-ақ сарқынды суды шығаруға шарттың көшірмесі.

8. Жер учаскесінің топографиялық түсірілімінің көшірмесі немесе жерге байланыстырылған және су объектісі (бар болған жағдайда) белгіленген ахуалдық масштабтағы схема.

9. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды келісу, оларды орналастыру және пайдалануға беру ережесіне, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізу шарттарына 4-қосымша

Су объектілерінде, су қорғау белдеулері мен аймақтарында құрылыс, түбін тереңдету, пайдалы қазбалар, су өсімдіктерін өндіру жөніндегі жарылыс жұмыстарын, кәбілдер, құбыржолдар және басқа да коммуникацияларды төсеу, ағаш кесу, сондай-ақ бұрғылау, ауыл шаруашылығы және басқа да жұмыстарды жүргізуді келісуге арналған құжаттардың тізбесі (заңды тұлғалар үшін)

Ескерту. Ереже 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.08 № 1045 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1. Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекцияның атына өтініш.

2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмесі (заңды тұлға үшін).

Ескертпе:* - "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

3. Салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі (СТН).

4. Жер учаскесіне құқық белгілеуші құжаттардың (сатып алу-сату шартының, мұрагерлікке құқығы туралы куәлігінің, Жер учаскесіне жеке меншік құқығына актінің, жергілікті атқарушы орган шешімінің, қаулысының) көшірмесі.

5. Келісуге ұсынылып отырған құрылыстардың, сондай-ақ жұмыстарды жүзеге асыруға пайдаланылатын машиналар мен механизмдердің техникалық паспорттарының көшірмелері.

6. Техникалық шарттардың не сумен жабдықтау және су бұру шартының көшірмесі; егер теңгерімінде меншікті су тарту құрылғысы бар болса, онда оларға материалдар, рұқсат беретін құжаттар.

7. Қалалық кәріз болмаған жағдайда - сарқынды суларды алып кету орны міндетті түрде көрсетілген осы ауданның мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының септикке қорытындысы, сондай-ақ сарқынды суды шығаруға шарттың көшірмесі.

8. Жер учаскесінің топографиялық түсірілімінің көшірмесі немесе жерге байланыстырылған және су объектісі (бар болған жағдайда) белгіленген ахуалдық масштабтағы схема.

9. Жер учаскесі шекараларының жобасы.

10. Егер жер учаскесі су шаруашылығы құрылыстарының (каналдар, суармалы арықтар) жанында орналасқан жағдайда, осы құрылыстарды пайдаланушы ұйымның келісімін ұсыну қажет.